ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СУ САПАСЫ
Ауыз судағы жалпы бета-белсенділікті өлшеу

КАЧЕСТВО ВОДЫ
Измерение общей бета-активности в питьевой воде

ҚР СТ ИСО 9697-2006

(ИСО 9697:1992 Су сапасы. Тұзсыз судағы жалпы бета-(радио) белсенділікті өлшеу, (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СУ САПАСЫ

Ауыз судағы жалпы бета-белсенділікті өлшеу

ҚР СТ ИСО 9697-2006

(ИСО 9697:1992 Су сапасы. Тұзсыз судағы жалпы бета-(радио) белсенділікті өлшеу, (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" РМК **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗГЕН**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2006 жылғы 18 тамыздағы № 357 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

3 Осы стандарт ИСО 9697-92 «Су сапасы. Тұзсыз судағы жалпы бета-(радио) белсенділікті өлшеу» стандартының түпнұсқалық мәтінін білдіреді және Қазақстан Республикасының экономика қажеттілігін білдіретін қосымша талаптар курсивпен белгіленген.

4 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2011 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе жекелей жарыққа шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Әрекет принципі	1
4	Реагенттер	1
5	Жабдық	2
6	Сынамаларды сұрыптау	3
7	Процедура	3
8	Нәтижелерді көрсету	5
9	Дәлдік	6
10	Интерференцияны бақылау	7
11	Нормативтік ережелер	9
12	Тестлеу туралы есеп	9

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Су сапасы. Ауыз судағы жалпы бета-белсенділікті өлшеу

Енгізілген күні 2007-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ауыз судағы жалпы бета-белсенділікті анықтауға арналған әдістерді белгілейді. Әдіс β-максимальды энергиясы>03 MeV ұштпайтын β-белсенді радионуклеидтерді қамтиды. Анықтамаға энергиясы өте төмен β-генераторлар, оның ішінде ^{3}H, C, ^{35}S и ^{241}Pu қосылмаған.

Осы әдіс шикі және ауыз суларды талдауға қолданылады, бірақ та тұзды немесе алдын ала адаптациядан өтпеген минерализацияланбаған суларға тікелей қолданылмайды.

Үлгі өлшемі органикалық емес су құрамбірліктерімен және салыстырмалы жабдықты пайдалануда айналасатын планшет өлшемімен шектеледі.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ГОСТ Р 51592-2003 Су. Сынамаларды сұрыптауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 6709 - 72 Реактивтер. Тазартылған су. Техникалық шарттар.

3 Әрекет принципі

Үлгі тұрақтандыру мақсатымен тотықтандырады және құрғағанша кептіріледі, сульфатты нысанға ауысады және 350 °С температурада қызады. Тұнба бөлігі планшет калий стандартына қатысты алдын ала калибрленген Гейгер санауыштың көмегімен өлшенген бета-(радио)белсенділігіне ауысады.

4 Реагенттер

Реагенттерде белгілі аналитикалық дәреже және минимальды рең белсенділігі болуы тиіс.

Ескерту – Тексеруге арналған әдіс 10.1 тармағында көрсетілген.

Ресми басылым

4.1 Тазыртылған су *ГОСТ 6709 бойынша.*

Тазартылған немесе иондалмаған су кез келген уақытта қолдануға қажет.

Ескертулер

1 Шаблондарды тікелей әдісте анықтау үшін пайдаланатын тазартылған (немесе иондалмаған) су, сондай-ақ басқа реагенттерді препараттау үлгілерде байқалған ең аз мөлшерлі ұқсас параметрлермен салыстырғанда айтарлықтай төмен радиоактивтер болуы тиіс.

2 Иондармен алмасу кейбір шайыр үшін айрықша ^{30}Sr шайырда болатынын анықтайды (шайылу мүмкін). Егер қолданар алдында иондалмаған су пайдаланса, барлық қоректену көздерін тексеру қажет.

4.2 105 °С температура кезінде тұрақты салмаққа дейін кептірілген калий хлориді, стандарт эталоны көзі.

4.3 Қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша 50 % концентрацияланған азот қышқылы.

100мл ± 5мл азот қышқылын *(р* = 1,42 гр/мл) (200 ± 5) мл дейін сумен араластырыңыз.

4.4 Концентрацияланған *ρ* — 1,84 гр/мл күкіртті қышқылы *қолданыс-тағы нормативтік құжаттар бойынша.*

4.5 Ұшатын органикалық еріткіштер, метанол және ацетон *қолданыс-тағы нормативтік құжаттар бойынша.*

5 Жабдық

Зертханалық жабдық, сондай-ақ

5.1 Төмен реңді Гейгер санауыштар немесе басқа да санауыш құрылғы

Көз қашықтығы детектордан 10 мм-ден (10 мм ауа = 0,01 мг/мм^2 қалыңдығы) аспауы тиіс. Детекторлық жүйе 7 мг·см$^{-2}$ ± 0,02 мг·мм$^{-2}$ ± 0,02 мг·мм$^{-2}$ (7 мг·см$^{-2}$ 2 мг·см$^{-2}$) көз үшін сыртқы абсорбер қалыңдығын бейімді көрсетуі тиіс. Осыған детектордың соңғы терезе немесе тиісті қалыңдығымен қосымша абсорбермен бірге соңғы жұқа терезе көмегімен жетуге болады. Бұдан басқа реңді төмендету үшін дәл келу/дәл келмеу бойынша қандай да күйге келтірулер әр түрлі алып тастау энергиясы жүйесінің тиімділігіне әсер етпеуі тиіс.

5.2 Планшеттер (лоткалар), қалыңдығы 2,5 мг·мм$^{-2}$ кем емес. Планшеттер тат баспайтын болаттан жасалуы тиіс, ал планшет шеті бір-біріне тығыз тұтасып тұруы тиіс. Бұл қанығуды кері ыдыратады.

Ескерту

1 Пайдалануға планшет диаметрі санауыш талаптарымен, яғни детектор және көз ұстаушы диаметрін өлшеумен анықталады.

2 ^{60}Co қоспа ретінде білінуі мүмкін, осылайша рең мәніне ықпал көрсете отырып, бірақ үлгі немесе шаблонға міндетті түрде емес, өйткені белсенділік тұнбаға сіңеді.

3 Біркелкі бөлінген көз қажет; кейбір мамандар өңделген металл бетіне жұмыс жасауы жеңіл деп есептейді, ал басқалары кедір-бұдыр планшетті (осы мақсатта құм ағынымен тазарту және химиялық улау) пайдалану артық деп есептейді.

5.3 (350 ± 10) °С температура кезінде жұмыс жасайтын муфельдік пеш °С

5.4 Қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша бу моншасы.

6 Сынамаларды сұрыптау

Таза полиэтилен бөтелкеде жинау үшін бір литр үлгіге (20±1) мл азот қышқылын қосыңыз, ал содан кейін ҚР СТ ГОСТ Р 51592 сәйкес жинаңыз. Қышқылдану бөтелке қабырғаларына радиобелсенділік абсорбциясын минимизация жасайды. (4±2) °С температурада сақтаңыз және үлгі талдауын материалды жинағаннан кейін дереу жүргізу керек.

Егер суда сүзілген үлгі белсенділігін қажет болса, оны қышқылдандырар алдында материалды жинағаннан кейін бірден сүзгіні жүргізіңіз.

Ескерту – Белсенділік су еріткіші пен қатты заттағы абсорбция арасында бөлінеді. Осылайша сүзгі қышқылдандырар алдында осы бөліністі бұзатындай жүргізілуі тиіс.

7 Процедура

7.1 Алдын ала кезең

Ескерту – Талдау радио-бақылаушы құрылғыларын пайдаланбайтын аймақта жүргізілуі қажет.

Судағы қатты бөлшектердің жалпы құрамын А қосымшасына сәйкес анықтаңыз. 350 °С температурада қыздыру салдарынан құрамдағы өзгерістерді және сульфатты тұнбаларды ескере отырып 0,1*A* мг (мұндағы *A* – планшет зонасы (5.2) квадрат миллиметрде) сәл артық қатты тұнба мүмкіндігін өндіруге қажетті үлгілердің көлемін есептеңіздер.

7.2 Концентрация кезеңі

6-тармақ бойынша үлгіні (± 1) % литрмен берілген *V* өлшенген мөлшерін қыздырғаннан кейін 0,1 *A* мг кем емес тұнба қалатындай етіп құтыға ауыстырыңыз.

Ескерту – Тым жұмсақ су үшін 0,1 *A* мг шығаруға қажетті көлемі өте үлкен. Осындай жағдайда көлемнің ең үлкен мөлшерін пайдалану қажет (12-ескертуді қараңыз).

Көлемі 50 мл-ге дейін азайғанша ыстық плитада затты буландырыңыз, содан кейін салқындатыңыз.

350°С температурада алдын ала жылтқан кремний диоксидінен (жылтыратқан шынаяқ) жасалған концентрацияланған ерітіндіні таразышы тостағанға ауыстырыңыз. Құтыны аздаған сумен жақсылап жуып, шайылған ерітіндіні тостаған ауыстырыңыз.

Ескерту – Егер құты өте үлкен болса, шайылған ерітіндіні кішірек құтыға ауыстыру ынғайлы (мысалы, 500 мл). Ерітінді содан кейін кремний диоскидінен жасалған тостағанға ерітіндіні ауыстыру процедурасын жеңілдету үшін төменгі салмаққа дейін концентрациялануы мүмкін.

7.3 Сульфаттау кезеңі

Шайылған ерітінді тостағанда салқындағаннан кейін 1 мл (±20) % күкірт қышқылын қосыңыз.

Ескерту – Кептіру және қыздыру процесінде кейбір сулар радиобелсенділікті өлшеуге сәйкес келмейтін тұнба болуы мүмкін, өйткені, гидроскопиялық немесе ерігіш емес. Осы сульфаттау процесі көптеген үлгілерге сәйкес келеді. Таңдалған күкірт қышқылы көлемі шамамен 1,8 гр кальций карбонатын сульфаттауға болады. Қышқылдың артық болуын рұқсат беруге қатты бөлшектердің жалпы болуын 1 гр арттырмау үшін үлгінің бастапқы көлемін таңдау керек.

Тостаған ішіндегін кепкенше буландыру керек.

Заттың шашырауын болдырмау үшін тостағанды қыздырып инфрақызыл лампамен немесе оған ұқсас құрылғылармен), күкірт қышқылының көбігі пайда болуына дейін қыздыруды жалғастырыңыз. Содан кейін қыздыру плитасына тостағанға ауыстырыңыз және көбіктің заттың бетінде пайда болуы тоқтамайынша қыздыруды жалғастырыңыз.

Ұшатын органикалық ерітіндінің бірнеше тамшымен сұйылта отырып планшетке тұнбаны біркелкі таратып, кептіріңіз.

Ескерту – Үлгіні жұқа майларлы үлдірмен жабуға болады.

7.4 Қыздыру кезеңі

Муфельдік пештегін тостағанға ауыстырып, (350±10) °С температурада бір сағат бойы қыздырып, содан кейін затты кептіргіш шкафта салқындатыңыз.

Тұнбасы бар тостағанды өлшеп, m (мг) салмақтағы айырмашылығы көмегімен қызған тұнбаның салмағын анықтаңыз.

7.5 Көзді препараттау

Планшетке 0,1 A мг (±1) % күлді өлшеңіз. Егер күл ірі болса, оны ұсақтаңыз.

Егер 7.2-тармақта пайдаланған, 0,1 А мг кем тұнба көлемінің ең үлкен мөлшерін планшетке ауыстырыңыз.

7.6 Санау кезеңі

Гейгер санауышын немесе өндіруші нұсқаулығына сәйкес басқа бета – санауышты қондыру керек.

Планшеттегі белсенділікті жалғасу уақыт кезеңі ішінде құрылғы көрсеткішін санау арқылы өлшеңіз. Санау көрсеткіші R_b s^{-1} тең болсын.

Ескерту – Санау ұзақтығы үлгіге және рең шот көрсеткішіне, сондай-ақ қажет етілетін дәлдікке байланысты.

7.7 Реңді анықтау

Рең белсенділігін 5.2 тармағы бойынша бірдей таза планшет көмегімен өлшеңіз. Шот көрсеткіші R_0 s^{-1} тең болсын. Қайталап санау рең тұрақтылығын растайды.

7.8 Эталон көзін өлшеу

Калий хлоридінің көмегімен үлгі күлінің орнына 7.5 және 7.6 тармақтарында көрсетілген процедураны жүргізіңіз. Санау көрсеткіші R_b s^{-1} тең болсын.

8 Нәтижелерді көрсету

8.1 Белсенділік концентрация есебі

Ерітінді *с* белсенділік (литріне беккерели) концентрациясын мынадай формула бойынша есептеу керек:

$$c=R_n \times \frac{1}{\varepsilon_S} \times \frac{1}{V_p} \qquad (1)$$

мұндағы, с- бета-белсенділік (литріне беккерели);

R_n – рең көрсеткіші үшін түзетілген, секундта берілген үлгінің шоттық көрсеткіштері;

ε_S - ^{40}K стандарты өлшеудің бөлшектік тиімділігі;

V_p – үлгі көлемі (л), планшеттегі қатты заттың баламалы салмағы.

Осылайша,

$$R_n = R_b - R_o$$

мұндағы, R_b - 7.6-тармағы бойынша секундта берілген импульстардағы байқалатын үлгінің шоттық көрсеткіштері;

R_o - 7.7 - тармағы бойынша секундта берілген импульстардағы реңнің шоттық көрсеткіштері;

сондай-ақ,

$$\varepsilon_S = \frac{(R_S - R_o)}{0.1A \times 14.4} \times 1000$$

R_S - 7.8-тармағы бойынша секундта берілген импульстардағы байқалатын үлгінің шоттық көрсеткіштері;

A - квадраттық миллиметрде берілген планшет аймағы;

0,1A- қатты калий хлоридінің салмағы немесе 7.8 бойынша планшеттегі күл (мг).

сондай-ақ,

$$V_p = \frac{V}{m} \times 0{,}1A$$

мұндағы, V – 7.2 бойынша литрде берілген үлгі көлемі;

m- 7.4 бойынша V көлемі қызған тұнбаның салмағы (мг).

Осылайша, жалпы теңдеу (1) мынадай түрде:

$$c = \frac{(R_b - R_0) \times 0{,}1A \times 14{,}4 \times m}{(R_S - R_0) \times 1000V \times 0{,}1A}$$

$$= \frac{(R_b - R_0) \times 14{,}4 \times m}{(R_S - R_0) \times 1000 \times V}$$

С белсенділігінің қорытынды теңдеуі (литріне беккерели) мынадай болады:

$$c = \frac{(R_b - R_0) \times 14{,}4 \times m \times 1{,}02}{(R_S - R_0) \times 1000 \times V} \qquad (2)$$

16-ескерту Тұрақтандырғыш ретінде бір литрге қосылған 20 мл азот қышқылын түзетуге қорытынды теңдеуге 1,02 факторды қосу керек (6-тармағын қараңыз).

Егер ^{40}K үшін көрсеткіштерден басқа үлгі радиобелсенділігін алып тастау қажеттілігі болса, бастапқы үлгідегі калийді өлшеп оның салымын бағалау керек. Нәтижесі бойынша 15-ескертудегі ақпаратты пайдалана отырып белсенділікті есептеу керек және *с* үшін алынған мәнінен оны алыңыз.

9 Дәлдік

9.1 Стандарттың ауытқуы

Рең үшін түзетілген үлгі белсенділігімен байланысты s_c стандарттың ауытқуы мынадай теңдеу бойынша есептеледі:

$$s_c = \sqrt{\frac{R_b}{t_b} + \frac{R_0}{t_0}} \times \frac{14{,}4 \times m \times 1{,}02}{(R_S - R_0) \times 1000 \times V} \qquad (3)$$

Мұндағы, t_b және t_0 – үлгі және рең санаудың тиісті ұзақтығы.

Калий хлориді стандарты көзін санаумен байланысты стандарттың ауытқуы үлгі көрсеткіштерімен салыстырғанда болымсыз болып табылады, демек, нәтиже стандарт ауытқуымен белгіленуі тиіс.

9.2 Анықтау лимиті

α немесе k коэффициенті қателік ықтималдығына жалпы бета-белсенділік анықтамасына жететін табу лимиті мынадай қатынас көмегімен жуықталған дәлдікпен есептелуі тиіс:

$$c_{\min} = k \times \frac{a_S \times m \times 1,02}{(R_S - R_0) \times 1000 \times V} \times \sqrt{\frac{R_0}{t_b}(1 + \frac{t_b}{t_0})} \quad (4)$$

Мұндағы, a_s - стандарттың айрықша белсенділігі (грамына берілген беккерели).

Табу шегі судың органикалық емес құрамбірліктеріне, пайдаланатын жабдықта мен көрсеткішті санау ұзақтығында болатын радионуклеидтерге байланысты.

1-кестесінде ұсынылған нәтижелері ^{137}Cs (723 мБк·л$^{-1}$) тестлеу үлгімен бірге алынған болатын.

Көз аймағын санаудың ұзақтығы, рең санау деректері және еркін дәрежесі 2-кестеде көрсетілген.

9.3 Сезімталдық

Санаудың тиімділігі бета-бөлшектер энергиясына байланысты шамамен 0,05-тен 0,5-ке дейін түрлендіреді. ^{40}K стандарт ретінде пайдалану β_{max}> 1,32 MeV бар радионуклеидтерді қайта бағалауға және β_{max} төменірек радионуклеидтерді жете бағаламауға апарады.

1-кесте

Зертхана	Тұнба		Табу шегі мБк·л$^{-1}$
	mlV	$S \pm m/V$[1)]	
AERE	522	1,4	40
LGC	578	2,8	70
WRC	535	2,5	114
AERE: Атом энергиясын зерттеу мекемесі (Харвелл) LGC: Мемлекеттік химия зертханасы (Лондон) WRC: Суды зерттеу орталығы (Стевенидж)			
[1)] *m* және *V*. Анықтауға 7-тармағын қараңыз.			

10 Интерференцияны бақылау

10.1 Ластану

Жеке планшеттердегі реагент процедураларында пайдаланатын объемдарды буландыру арқылы реагенттердің ластануын тексеріңіз. Үлгі белсенділігімен салыстырғанда белсенділіктің болымсыз екеніне көз жеткізіңіз. Барлық жүйені хроматографиялық реагент деңгейлі 0,1 *A* мг кремний гель қосылған, (20 ±1) мл азот қышқылымен қышқылдандырылған, 1л ± 10 мл тазартылған суды өңдеу арқылы ластанғанын тексеріп, белсенділікті өлшеңіз. Оны шоттық тұғырықтағы 0,1 *A* мг кремний гелі

тікелей суспензиясы белсенділігімен салыстыруға болады. Үлгі белсенділігін салыстыру бойынша белсенділіктің болымсыз екеніне тағы да көз жеткізіңіз. Егер белсенділік болымсыз болса төменірек радиобелсенділігі бар реагенттерді таңдаңыз немесе 7.7-тармағында көрсетілген процедураның орнына осы тармақшаның бірінші бағанында көрсетілген барлық жүйенін ластануын тексеруге арналған кезенді пайдаланып негізгі процедураға шаблон анықтамасын қосыңыз.

10.2 Белсенділіктің жоғалуы

Осы әдіс көмегімен кейбір радионуклеидтерді анықтау кезінде жоғалатыны не өлшенбейтіні анық. Мысалы, ^{3}H, ^{14}C және кейбір S буландыру және қыздыру кезінде жоғалады.

Энергиясы төмен бета-генераторлар (немесе өте төмен тиімділігімен өлшенеді) 0,1 мг·мм^{2} (10 мг·см$^{-2}$) өзін абсорбциялау және 0,07 мг·мм^{2} (7 мг·см$^{-2}$) сыртқы абсорбциямен өлшенбейді. Радионуклеидтерден уран сериясында ^{222}Rn өндеу кезінде жоғалады, бірақ ^{214}Bi және ^{226}Ra бета-генерациялайтын еншілес элементтер болады.

2-кесте

Зертхана	Көз аймағы см^{2}	Санау уақыты s	Ренді санау жылдамдығы с·s^{-1}	^{40}K дейін санау тиімділігі (ыдырауды санау)	Еркін дәрежесі (n-1)	Алынған	
						мБк·-^{1}	%s
AERE	19,6	1,2 x 10^{4}	0,014	0,29	5	370	6,9
LGC	20,3	6x 10^{4}	0,116	0,29	5	401	3,7
WRC	19,6	6 x 10^{4}	0,153	0,30	5	409	16,9
AERE: Атом энергиясын зерттеу мекемесі (Харвелл)							
LGC: Мемлекеттік химия зертханасы (Лондон)							
WRC: Суды зерттеу орталығы (Стевенидж)							

10.3 Жүйе жауапты реакциясының вариациялары

Ескерту - Өзін өзі абсорбциялаудың міндетті түрде болатын тиімділігі су құрамына байланысты санау тиімділігі вариациясында болады. Радионуклеидтерге арналған жүйе жауабы кремний диоксиді инъекциясының немесе басқа да радионуклеидтердің белгілі бір ерітіндісі мөлшерлерімен шаблонды материалдар көмегімен анықталуы тиіс. Жақсылап кептірген кейін және біркелкі күйге келгеннен кейін препараттауға болады және қалындығы 0,001 A мг·мм$^{-2}$ (0,1 А мг·см$^{-2}$) көзін санау керек. Содан кейін белсенділік бірлігіне арналған санау жылдамдығы сияқты санау жауабын санауға болады.

10.4 Сапаны бақылау

Құрал сапасын бақылауға қатысты дайындаушы ұсыныстарын сақтау; әр үлгі жиынтығымен берген саналған 7.8 тармағы бойынша калий хлориді

және 7.7 тармағы бойынша рең планшеттері стандарттарына арналған сапа кепілдігінің графигін дайындау керек.

Ескерту – Оператор жұмысын 1 л тазартылған су порциясы препаратталған, алты санау көзінен кем емес өндіру арқылы тексеруге болады, олардың әрқайсысына калий хлоридінің белгілі мөлшері қосылған болатын. Қосылған мөлшер осы көздерді санауға дайындау үшін қыздыру процедурасынан кейін 0,1 *А* мг кем емес тұнбаны қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс.

11 Нормативтік ережелер

Радиоактивтік материалдарды пайдалануға және мемлекет аумағында радиоактивтік қалдықтың қолданылуын жоюға қатысты барлық ұлттық және халықаралық нормативтік ережелердің сақталғанына көз жеткізіңіз.

12 Тестлеу туралы есеп

Тестлеу туралы есеп мынадай ақпаратты қосуы тиіс:

а) осы стандартқа сілтемені;

б) үлгіні алып тастау ұзақтығын қоса, үлгілерді сәйкестендіруге қажетті барлық ақпаратты;

в) үш таңбалы санға дейін литріне беккерелиде бета-белсенділігінің жалпы болуын; егер нәтиже 9.2 тармағындағы іздеу шегінен төмен болса, берілген фактін көрсетуі керек;

г) негізгі уақытты және санау күнін, сондай-ақ үлгіні алып тастау уақытын;

д) іздеу уақытында байқалатын кез келген айтарлықтай көріністер;

е) осы халықаралық стандартқа енгізілмеген қандай да бір операция туралы толық мәліметтерді;

ж) процедурадағы кез келген шартты кезеңдер, мысалы, үлгі сүзгісі.

А қосымшасы
(міндетті)

180 °С температурада кептірілген (TDS) жалпы ерітілген қатты бөлшектер

А.1 Әдістің жұмысшы сипаттамасы

А.1.1 Анықталған зат

Саңылау өлшемі 0,45 мм, мембрана сүзгі арқылы сүзгілеу жолымен судан алынбаған ұшпайтын органикалық және/немесе органикалық емес зат

А.1.2 Үлгі типі

Табиғи және ластанған сулар және теңіз суынан басқа белгілі бір факторлар немесе құрамында магний және хлорид өте көп сулар (А.10 қараңыз).

А.1.3 Әдіс негізі

Мембрана сүзгі арқылы сүзгілеу. Сүзгідегі ерітілген заттың салмағы 180 °С температурада буландыру, кептіру жіне А.10 тармағы бойынша өлшеу арқылыы анықталады.

А.1.4 Қолданылу спектрі

Төменгі шек таразының сезімталдығына байланысты. Нақты жоғарғы шек жоқ.

А.1.5 Стандартың ауытқуы (А.1-кестесін қараңыз.)

А.1-кестесі

180°С температурады кептіру кезінде алынған ерітілген қатты бөлшектердің жалпы болуы, мг/л	Стандарттың ауытқуы (жиынтықта) мг/л	Еркін дәрежелері
569	5,32	9
343	5,54	9
202	2,89	9

А.1.6 Іздеу шегі

Шамамен 10 мг/л көрсеткендей, пайдаланатын таразыға байланысты.

А.1.7 Сезімталдық

100 мл зат үшін әр 10 мг/л жалпы ерітілген қатты бөлшектер 1 мг салмақтағы өзгерістерге сәйкес келеді.

А.1.8 Кінарат

Кінарат анықталмаған, бірақ әдістің қарауы болымсық кері ауытқуды айқындайды, сондай-ақ үлгіге байланысты. Алайда кінарат егер үлгіде гидрокопиялық тұз бар болса, жағымды болуы мүмкін. Кейбір органикалық құрамбірліктер күюі мүмкін, ал кейбір құрамбірліктер (мысалы, аммоний

тұздары) ұшып кетеді.

А.1.9 Интерференциялар

Арнайы тестер жүргізілген жоқ, бірақ гидрокарбонаты бар сулар карбонатқа гидрокарбонат толық конверсиясын қамтамасыз ету үшін 180°С температурада ұзақ уақыт кептіру қажет етіледі.

А.1.10 Уақытты талдауға қажеттіктер

Үлгі типіне байланысты әдетте бір күні құрайды.

А.2 Қолданылу саласы

А. 2.1 Әрекет заты

Осы әдіс саңылауөлшемі 0,45 мм, мембрана сүзгі арқылы сүзгілеу жолымен судан жойылмаған ұшпайтын органикалық және/немесе органикалық емес заттарды анықтайды.

А.2.2 Қолданылу

Осы әдіс табиғи және ластанған суларға, сондай-ақ кейбір ағынды суларға қолданылады.

А.2.3 Ерітілген қатты заттардың жалпы болуын анықтау

Өлшенген заттарды анықтау сүзгісі (мембрана сүзгілеу әдісі) А.8.1 тармағы бойынша ерітілген қатты заттардың жалпы болуын анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін, 20 ескерту.

А.3 Әрекет принципі

Өлшенген зат төмендетілген қысымда сүзгілеу жолымен үлгінің өлшенген көлемінен жойылады.

Сүзгі кепкенше бу моншасында буландырады, содан кейін қатты заттардың жалпы болуын гравиметриялық анықтар алдында 180 °С температурада кептіреді.

А.4 Интерференциялар

Гидрокарбонат және/немесе гидроскопиялық тұздары бар үлгілер.

А.5 Қауіпті шарттар

ҚАУІПСІЗДІКТЕН САҚТАНДЫРУ! Төмендетілген қысымда сүзгілеу уақытында қорғау экранын пайдаланған жөн.

А.6 Реагенттер

Иондалмаған су немесе тазартылған су.

А.7 Құралдар

А.7.1 Тиімді саңылау өлшемі 0,45 мм, диаметрі 47 мм целлюлоза эфирінің мембрана сүзгілері

А.7.2 Мембрана сүзгілері бар жұмыстар үшін үшкір пинцет

А.7.3 Мембрана сүзгі үшін тірек плитасына кіретін ажыратылмайтын сүзгі құйғышынан тұратын сүзгілеу құралы.

А.7.4 Көлемі 500 мл Бухнер құты.

А.7.5 Көлемі 250 мл өлшегіш цилиндр

А.7.6 (180 ± 2) °С температурада реттелетін кептіргіш пеш.

А.7.7 Өзі анықтайтын кремний гелі бар кептіргіш шкаф.

А.7.8 ±0,1 мг дейін дәлдікпен өлшеу қабілеті бар аналитикалық таразылар.

А.7.9 (2,6-3,3) кПа төмендетілген қысымын құруға механикалық немесе су соритын сорғы.

А.7.10 Буландыру тарелкасы үшін тірегі бар бу моншасы.

А.7.11 Көлемі 150 мл буландыруға платинтік, шыны немесе шынаяқ тарелкалары. Егер үлгіде фосфат бар болса платинтік тарелкаларды пайдалануға болады.

А.8 Аналитикалық процедура

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Төмендетілген қысыммен сүзгілеудің қауіпсіздік техникасын сақтау үшін қорғау экранын жүргізілуі тиіс.

А.8.1 А.7.2 тармағы бойынша өткір пинцеттің көмегімен А.7.3 тармағы бойынша сүзгілеу құрылғысын тірек тарелкасына А.7.1 тармағы бойынша мембрана сүзгіні орналастырыңыз, тазартылған сумен сүзгіні дымқылдап және құралдың жоғарғы жағына жүргізіңіз. 50 мл тазартылған судың көмегімен мембрана сүзгіні үш рет шайып, сондай-ақ су қалдығын жою үшін әр шаю арасында сүзгіні ақырындап кептіру керек. Сүзгішті алыңыз (19 және 20-ескертуді қараңыз).

Ескертулер

1 Меншікті өткізуді өлшеу ерітілген қатты заттардың жалпы болуының жуықтаған мәнін алуы үшін нұсқаулық ретінде пайдалануа болады. Алайда тестіленетін су типі үшін конверсия дұрыс факторын тәжірибе жолымен анықтауға болады.

2 Егер өлшенген заттарды анықтау бойынша сүзгіні пайдаланса, А.8.4-тармағына ауысыңыз.

А.8.2 200 мг артық ерітілген қатты бөлшектер болмауы үшін аралас үлгінің қажетті көлемін сүзгілеу керек (19 және 21-ескертулерді қараңыз).

Ескерту – Буландыру тарелкасындағы артық тұнба су өткізбейтін қабыршақты туғыза алады.

А.7.5-тармағы бойынша өлшегіш цилиндрдің көмегімен сүзілген үлгі көлемін белгілеу керек. Мысалы, бұл V_A мл тең.

А.8.3 Үлгіні сүзгіден өткізгеннен кейін сүзгіде қалған ерітілген қатты заттарды жою үшін 10 мл судың көмегімен мембрана сүзгіні үш рет шаю керек. Үлгі сүзгісіне шайылған ерітіндіні қосыңыз.

А.8.4 1 сағат бойы (180 ± 2) °С температурада А.7.11 тармағы бойынша буландыру таза тарелкасын кептіріп, А.7.7-тармағы бойынша кептіргіш шкафта салқындатып және 0,1 мг дейін дәлдікпен өлшеу керек. Мысалы, бұл салмақ m_B гр тең.

А.8.5 Сүзгідегі қоспаны және буландыру тостағанға шайылған ерітіндіні бөлшектеп ауыстырып және жоғары инфрақызыл қыздыру арқылы кептіріп, А.7.10–тармағы бойынша бу моншасына ерітіндіні буландыру керек.

А.8.6 Барлық су үлгі сүзгісінде буланғанда, А.7.6-тармағы бойынша кептіргіш пешіне буландыру тарелкасына ауыстырып, (180 ± 2) °С температурада (22 және 23-ескертулерді қараңыз) тұрақты салмаққа дейін кептіріңіз. Кептіргіш шкафта салқындатып өлшеңіз. Осы салмақ m_C гр тең болсын.

Ескертулер

1 Тұрақты салмақ 0,5 мг немесе кептіру және өлшеудің тізбекті кезеңінен кейін салмақты айыру кезінде алынады.(Егер салмақ, үлгінің кейбір түрлері үшін тұрақты салмақ кептірі және шаю екі, қажет болса тек бір циклінен кейін алынатынын дәлелдейтін тәжірибе арқылы анықталуы мүмкін).

2 Құрамында гидрокарбонат немесе гидроскопиялық тұздары бар үлгілерге кептіру процедурасы және қоршаған орта температурасына дейін салқындатқаннан кейін тез өлшеу процедурасының ұзақ болуын қажет етеді.

А.9 Нәтижелер калькуляциясы

180 °С температурада кептіру жолымен алынған ерітілген қатты бөлшектердің (литріне мг) жалпы мөлшерін мынадай формула көмегімен есептеңіз:

$$\frac{m_C - m_B}{V_A} \times 10^6$$

мұндағы

m_C - кептірілген тұнба және тарелка салмағы (гр);

m_B - тарелкадағы салмағы (гр);

V_A - сүзілген үлгі көлемі (мл).

А.10 Әдіс нұсқалары

А.10.1 Қыздыру немесе кептіру температурасының түрлері

Кейбір мақсатта үлгілер 105 °С температурада кептіріледі немесе 180 °С температурасының орнына тұрақты салмаққа дейін 450 °С или 500 °С температурада қыздырылады. Осы нұсқалардың біреуін пайдалану кезінде осы факт нәтижесімен бірге көрсетілуі тиіс.

А.10.2 Құрамында магний және хлорид концентрациясы өте көп теңіз және тұзды сулар үлгілері

Осы заттарды қыздыру кезінде сутегі хлоридінің жоғалуымен және магний гидрохлоридінің туындауымен гидролизденеді. Тиісті процедураға мысалы ретінде [5] қараңыз.

Қосымша
(анықтама)

Библиография

[1] Lederer, C.M. және Shirley, V.S. *Изотоптар кестесі* (7-басылым), J. Wiley & Sons Inc., New York (1978), стр. 1523.
[2] Халықаралық радиологияны қорғау жөніндегі комиссия, 38-жарияланым, № 11-13, 1983, *Радионуклеидтік трансформациялар: энергиялар және лақтырынды қарқындылығы,* Pergamon Press, Oxford.
[3] Sumerling, T.J. и Darby, S.C. *Радиобелсенділіктің төменгі деңгейін анықтау үшін әзірленген тәжірибелік шоттар интерпретациясының статистикалық аспектілері,* NRPB-R113, Ұлттық радиологияны қорғау жөніндегі кеңес, UK (1981).
[4] Kocher, D.C. *Радиобелсенді ыдыраудың деректер кестесі*, DOE ITIC-11026, (1981).
[5] Morris, A.W. және Riley, J.P. Су тереңдігін зерттеу, №11 (1964), 899-бет.

ӘОС 613.31/.34 **МСЖ 13.060.050**

Негізгі сөздер: су, сапа, судың ластануы, тестлеу, анықтау, изотоптар, бета-бөлшектер, радиацияны өлшеу

Ескертпелер үшін



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАЧЕСТВО ВОДЫ

Измерение общей бета-активности в питьевой воде

СТ РК ИСО 9697-2006

(ИСО 9697:1992 Качество воды. Измерение общей бета-(радио)активности в несоленой воде, (IDT)

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета по техническому регулированию и метрологии

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 18 августа 2006 года № 357

3 Настоящий стандарт представляет идентичный текст ИСО 9697-92 «Качество воды. Измерение общей бета-(радио)активности в несоленой воде» с дополнительными требованиями, отражающими потребности экономики Республики Казахстан, которые выделены в тексте курсивом.

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2011год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Принцип действия	1
4	Реагенты	1
5	Оборудование	2
6	Отбор проб	3
7	Процедура	3
8	Выражение результатов	5
9	Точность	7
10	Контроль интерференции	8
11	Нормативные правила	9
12	Отчет о тестировании	10

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Качество воды. Измерение общей бета-активности в питьевой воде

Дата введения 2007-07-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает методы для определения общей бета- активности в питьевой воде. Метод охватывает нелетучие β-активные радионуклеиды с β-максимальной энергией >03 MeV. В определение не включены β-генераторы очень низкой энергии, в т.ч. ^{3}H, C, ^{35}S и ^{241}Pu.

Настоящий метод применим к анализу сырых и питьевых вод, но неприменим напрямую к соленым или минерализированным водам без предварительной адаптации.

Размер образца ограничивается неорганическими компонентами воды и размером планшета, принимаемого в использование считывающим оборудованием.

2 Нормативные ссылки

В настоящем стандарте использована ссылка на следующие стандарты:

СТ РК ГОСТ Р 51592-2003 Вода. Общие требования к отбору проб.

ГОСТ 6709 - 72 Реактивы. Вода дистиллированная. Технические условия.

3 Принцип действия

